

Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін Халық спортының екінші ойындарын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 8 мамыр N 48-ө

1. 2002 жылғы 25-29 шілдеде Талдықорған қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін Халық спортының екінші ойындарын (бұдан әрі - Ойындар) өткізу туралы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қоса беріліп отырған Ойындарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Алматы облысының әкімиятымен бірлесіп, Ойындарды өткізуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Алматы облысының әкімиятымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, Ойындардың салтанатты ашылуының мәдени-спорттық мерекесін өткізсін.

5. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері қалаларда, облыстарда Ойындар жарыстарының алдын ала кезеңдерін өткізуді ұйымдастырсын, сондай-ақ Ойындардың салтанатты ашылу рәсімі мен финалдық жарыстарға қатысу үшін облыстардың, Алматы және Астана қалаларының спорттық делегацияларын д а я р л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ойындарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін орындарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ойындарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Ойындарға қатысушылардың мәдени бағдарламасын ұйымдастыруда жәрдем көрсетсін және оларды дайындау мен өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Ойындарға қатысушыларды тасымалдауға жәрдем көрсетсін.

10. Ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру осы іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мемлекеттік органдарға-бағдарламалардың әкімшілеріне 2002 жылға арналған республикалық

және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және соның шегінде, сондай-ақ демеушілік көмекті тарту есебінен жүзеге асырылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 8 мамырдағы
N 48 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің жұлдесі үшін
Халық спортының екінші ойындарын дайындау мен өткізу
жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
Құрамы

Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы
Дәулет Болатұлы Туризм және спорт жөніндегі
агенттігінің төрағасы, төраға

Құлмаханов - Алматы облысының әкімі,
Шалбай Құлмаханұлы төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Айдарханов - Қазақстан Республикасының
Арман Тергеуұлы Денсаулық сақтау вице-министрі

Әлімбекова - Қазақстан Республикасының
Гүлнар Смәділқызы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы

Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының
Нұралы Сұлтанұлы Білім және ғылым вице-министрі

Қанағатов - Қазақстан Республикасының
Елсияр Баймұхаметұлы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Құралов - "Қазақстан" кәсіподақтардың
Өтепқали Нысанғалиұлы дене шынықтыру-спорт қоғамы
орталық кеңесінің төрағасы
(келісім бойынша)

Мұқанов - Алматы облысы әкімінің
Серік Мейірханұлы кеңесшісі

Шнейдмюллер - Қазақстан Республикасының
Владимир Викторович Көлік және коммуникациялар
бірінші вице-министрі

Отто - Қазақстан Республикасының
Иван Иванович Ішкі істер вице-министрі

Рябченко - Қазақстан Республикасының
Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім бірінші вице-министрі

Өтеулина - Қазақстан Республикасының
Хафиза Мұхтарқызы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.